

№2 ХАТТАМА

Қызылорда қаласы Ажаров көшесі №34 мекен-жайында орналасқан №5 жатақхана ғимаратындағы студенттік буфетті жалға беру жөніндегі конкурстық комиссияның қорытындыларын шығару туралы

Қызылорда қаласы

«26» тамыз 2025 жыл

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі тұрғын емес үй-жайын жалға беру бойынша конкурс өткізу туралы №337-а бұйрығына сәйкес құрылған Комиссиямен Ажаров көшесі, №34 мекен-жайында орналасқан №5 жатақхана ғимаратындағы студенттік буфетті жалға (жалдауға) беру мәселесі бойынша отырыс өткізілді.

Күн тәртібі: Тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы.

Конкурстық комиссияға қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Ж.Н.Базартай – Басқарма мүшесі-әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры

Төраға орынбасары: Ғ.К.Утегенов – Шаруашылық жұмыстар жөніндегі департамент директоры

Комиссия мүшелері:

А.Ш. Шыңғысбаев – Экономика және жоспарлау бөлімінің басшысы

М.С. Қожанова – Асхана меңгерушісі

Комиссия хатшысы:

Г.М.Тұрар – Экономика және жоспарлау бөлімінің экономисті

Қатыспағандар: Н.К.Рабатова.

Конкурстық өтінімдерді қарау жері: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №29А мәжіліс залы.

1. Өтінімдер салынған конверттерді соңғы мерзім аяқталғанға дейін келесі әлеуетті қатысушылар ұсынды

№	Қатысушылар	Тапсырған күні, уақыты	Баға ұсынымы
1	ЖК «Актаева»	25.08.2025 ж, 08:56	68 000 (алпыс сегіз мың) теңге
2	ЖК «Ким Марина»	25.08.2025 ж, 09:21	55 000 (елу бес мың) теңге
3	ЖК «Ер-Нұр»	25.08.2025 ж, 09:27	100 000 (жүз мың) теңге
4	ЖК «Назерке»	25.08.2025 ж, 09:47	90 000 (тоқсан мың) теңге

2. Қабылданбаған өтінімдер жоқ.

3. Конкурстық комиссия «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ережесінің 6.2 тармағына сәйкес өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша ең көп дауыс жинаған және баға ұсынысында ең көп соманы ұсынған әлеуетті қатысушы жеңімпаз болып табылады.

Комиссия ШЕШТІ:

1) Қызылорда қаласы Ажаров, №34 көшесінде орналасқан Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ-ның №5 жатақханадағы студенттік буфетті жалға беру жөніндегі конкурсы бойынша жеңімпаз: ЖК «Ер-Нұр».

2) Конкурсты ұйымдастырушы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ 2025 жылдың 2 қыркүйектен бастап студенттер мен қызметкерлерді тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алу) шартын 2026 жылдың 30 маусым айына дейін жасалсын.

3) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ комиссия хатшысы асхананың тұрғын емес үй-жайын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қорытындылары туралы осы хаттаманың мәтінін университеттің интернет-порталына орналастырсын.

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтап - 3 дауыс

Қарсы – 1 дауыс


Қалыс қалғандар – 0 дауыс

Комиссия төрағасы:



Ж.Н. Базартай

Төраға орынбасары:



Ғ.К. Утегенов

Комиссия мүшелері:



А.Ш. Шыңғысбаев



М.С. Қожанова

Комиссия хатшысы:



Г.М.Тұрар